



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Сапар

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЛАСТЕР: ЖОБА ҚАРҚЫНДЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев ауданға жұмыс сапарында «Харвест Агро» компаниясының техникалық қарасора, жүгері және соя өсіру, оларды қайта өңдеуге бағытталған агроөнеркәсіптік кластер жобасының қазіргі жай-күймен танысты. Жоба аясында Қаракеткен ауылдық округінен 22,5 мың гектар жер учаскесі бөлінген. Қазіргі таңда оның 5 мың гектарына жүгері, 2 мың гектарына мақсары егілген. Егістікті сумен қамтамасыз ету үшін 142 жаңбырлатып суару қондырғысы пайдаланылуда.



Кәсіпорын толық іске қосылғаннан кейін жылына 60 мың тонна техникалық қарасора, 70 мың тонна жүгері және 20 мың тонна соя өңдеу жоспарланып отыр. Өндірілген өнім ішкі нарықтың қажеттілігін қамтамасыз етумен қатар экспортқа шығарылатын болады. Бүгінде жобаға 26,3 млрд теңге инвестиция тартылып, 100 тұрақты жұмыс орны ашылған. Егіс және өндірістік жұмыстарға 50 техника жұмылдырылған. Қазіргі уақытта жер көлемін және су пайдалану лимитін ұлғайту, жаңбырлатып суару жүйесін кеңейту, электр желілерін тарту, сондай-ақ жоба-сметалық құжаттарды әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

Жобаның бірінші кезеңінде 8,7 мың гектар суармалы жерге жүгері, ал екінші кезеңінде 32 мың гектар алқапқа жүгері, соя және техникалық қарасора егіледі. Сондай-ақ құны 68 млрд теңгеден асатын ауыл шаруашылығы дақылдарын терең өңдейтін жаңа өндіріс орны іске қосылады. Жоба ауыл

шаруашылығын дамытуға, суармалы жер көлемін ұлғайтуға және өңделген өнім экспортын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар егін өсіруден бастап өнімді өңдеу, сақтау, тасымалдау және өткізуге дейінгі барлық кезеңді қамтитын біртұтас агроөнеркәсіптік жүйе қалыптастырылады.

Айта кетейік, биыл облыста жалпы 185,8 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде дәнді дақылдар 89,7 мың гектар, майлы дақылдар 6,1 мың гектар, мал азықтық дақылдар 73,2 мың гектар, картоп, көкөніс және бақша дақылдары 16,8 мың гектарды құрайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өткен жылмен салыстырғанда күріш егісінің көлемі 10,9 мың гектарға қысқартылып, биыл 70 мың гектарға күріш егілді. Қазіргі таңда оның 31,3 мың гектары үстеп қоректендіріліп, 53,3 мың гектары арамшөптерге қарсы өңделді. Сондай-ақ 19,8 мың гектары түптену,

46,2 мың гектары түтікке шығу, ал 4 мың гектары масақтану кезеңіне өтті.

Айта кетейік, ауданның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші кәсіпорындары, мекемелері мен жеке сектор субъектілері арқылы жыл басынан бері 16 млрд 167 млн теңгенің өнеркәсіп өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 114 пайызды құраған. Өңдеу өнеркәсібінде «Каспий петролиум» және «Nomad Solar» кәсіпорындарының өндірген өнімдері есебінен 3 млрд 810 млн теңгенің өнімі өндірілген.

Биыл аудан бойынша негізгі капиталға тартылатын инвестиция көлемінің жоспары 24 млрд 800 млн теңге болып бекітілген. Жыл басынан бері бюджет қаражаты мен жеке инвестициялар есебінен негізгі капиталға 8 млрд 544 млн теңге инвестиция тартылған.

Мұнан бөлек ауданда мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпкерлікті ашу

және қолданыстағы кәсіпті кеңейту мақсатында жалпы құны 1 млрд 300,5 млн теңгені құрайтын 56 жоба қаржыландырылған. Сонымен қатар Мемлекет басшысының ауылдық жерлердегі халықтың табысын арттыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес елімізде жылдық 2,5 пайыздық жеңілдетілген несиесі ұсынылатын «Ауыл аманаты» бағдарламасы іске асырылуда. Микрокредит мерзімі 5 жылға дейін, ал мал шаруашылығы бағытындағы жобалар үшін 7 жылға дейін қарастырылған. Аталған бағдарлама өңірімізде 2023 жылдан бастап табысты жүзеге асырылып келеді. «Ауыл аманаты» жобасы аясында 35 жоба іске асырылып, нәтижесінде 38 жаңа жұмыс орны құрылды. Сонымен қатар Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа арқылы 4 жоба жүзеге асырылып, өңдеу саласында жаңа өндіріс орындары ашылған.

Сезім НҰР,
суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

Білім жаңалықтары



НЕГІЗГІ ҰБТ: 890 ЕРЕЖЕ БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

233 мыңға жуық талапкер 2026 жылғы негізгі Ұлттық бірыңғай тест тапсырды. Оның ішінде 73,1 пайызға жуығы қазақ тілінде, 26,8 пайызы орыс тілінде, 383 адам ағылшын тілінде тестілеуден өткен. Талапкерлерге негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсырып, ең үздік нәтижемен грант конкурсына қатысу мүмкіндігі ұсынылды. Осылайша 233 мың талапкер ҰБТ-ны 422 мың рет тапсырды. Ал былтыр 210 мың талапкер ҰБТ-ны 381 мың рет тапсырған болатын.

Биыл тестілеу қорытындысы бойынша 177 мыңға жуық талапкер шекті балл жинаған. Бұл қатысушылардың жалпы санының 76 пайызын құрайды. Бес пән бойынша ҰБТ-ның орташа балы 69-ды құрады. Ең жоғары 140 балды Павлодар облысының түлегі Әсет Альтаир және Қызылорда облысының түлегі Балхан Альфия (ҚАЗТЕСТ конвертациясы арқылы) жинады. 821 адам 130 балдан жоғары нәтижеге қол жеткізген. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқуға түсушілер үшін қолайлы жағдай жасаудың арқасында ҰБТ-ға 800 талапкер қатысқан.

Электронды форматта өтетін ҰБТ-да апелляцияға беруге оңай әрі ыңғайлы. Тестілеу қорытындыларымен келіспеген жағдайда талапкер бірден апелляцияға электрондық форматта өтініш береді. Биыл апелляцияға 95 мыңнан астам өтініш қабылданып, олардың ішінде 152 бірегей тест тапсырмасына қатысты өтініштер қанағаттандырылған. Республикалық комиссия жұмысын аяқтады, талапкерлердің сер-

тификаттары жеке кабинетте қолжетімді.

Биыл ҰБТ өткізу барысында 890 ереже бұзушылық анықталған. Оның ішінде 522 талапкер смартфон, шпаргалка және басқа да тыйым салынған заттарды алып өту әрекеті салдарынан тест тапсыру мүмкіндігінен айырылды. Тестілеу кезінде ережелерді бұзғаны үшін аудиториядан 361 адам шығарылып, олардың нәтижелері жойылды. Кейбір тест тапсырушылардан смарт-сағаттар, микроқұлақпақтар, смартфон және басқа да тыйым салынған заттар табылды. Бейнежазбаларды тексеруден соң ереже бұзған 7 адамның нәтижесі жойылды. Бөгде тұлғалар анықталған жоқ.

2026 жылғы ҰБТ аяқталғаннан кейін күнтізбелік жылдың 31 қазанына дейін бейнежазбаларға талдау жүргізіледі. Тыйым салынған заттарды пайдалану немесе ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда ҰБТ нәтижелері жойылады.

К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ

Қазақ халқы қашанда ел тағдырын халықтың ақыл-парасатымен сабақтастырып келген. «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» деген дана сөздің астарында бірлікке, ынтымаққа және ортақ шешімге деген терең құрмет жатыр. Халықтың пікірі – мемлекет дамуының темірқазығы. Сондықтан әрбір сайлау – жай ғана саяси науқан емес, елдің ертеңіне деген сенімнің, азаматтық жауапкершіліктің және туған жерге деген адалдықтың көрінісі.

Тәуелсіз Қазақстанның демократиялық даму жолындағы маңызды қадамның бірі – жергілікті әкімдерді халықтың өзі сайлауы. Бұл – ел басқару ісіне тұрғындардың тікелей қатысуына мүмкіндік беретін тарихи шешім. Өйткені елдің болашағын халықтың өзінен артық ойлайтын ешкім жоқ. Әрбір берілген дауыс – туған өлкенің өсіп-өркендеуіне қосылған үлес, әрбір таңдау – келешекке бағытталған сенім.

Мерәлі Шәменов ауылында өткен ауыл әкімінің сайлауы осының айқын дәлелі болды. Бұл күн ауыл тарихындағы маңызды күннің біріне айналды. Таң шапағымен бірге ауыл тіршілігі ерекше жанданып, сайлау учаскесіне қарай ағылған тұрғындардың жүзінен елге деген сүйіспеншілік пен туған жер тағдырына деген жанажырлық анық сезілді. Бірі ата-анасын жетектеп келсе, енді бірі жарымен, балаларымен бірге келіп, азаматтық міндетін өтеуге асықты. Осындай көрініс ауылдағы ынтымақтың, ауызбірліктің және елдік рухтың қаншалықты биік екенін байқатты.

Мерәлі Шәменов ауылында 579 сайлаушы тіркелген. Оның 55-і – егде жастағы қария. Денсаулығына байланысты екі қарияның үйден дауыс беруіне мүмкіндік жасалды. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі бес азаматтың да конституциялық құқықтарын толық пайдалануына барлық жағдай қарастырылды. Бұл

Сайлау – 2026

ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ – АУЫЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ АЙНАСЫ



– мемлекетіміздің әрбір азаматтың дауысына бірдей құрметпен қарайтынын көрсететін игі үрдіс.

Халықтың үні – мемлекеттің тірегі. Осы нақылдың мәні дәл осындай сәтте айқын сезіледі.

Себебі әр адамның таңдауы – елдің ертеңіне қосылған бір кірпіш, мемлекет болашағына бағытталған нық қадам.

Иә, ауылда шілденің шуақты таңы ерекше

атты. Күн сәулесі ауыл үстіне алтын нұрын төккен сәттен бастап-ақ сайлау учаскесінің маңында қозғалыс қыза түсті. Сағат тоғызға дейін 72 тұрғын келіп, өз таңдауын жасап үлгерді. Бұл – тұрғындардың саяси белсенділігінің ғана емес, туған жердің келешегіне деген сенімнің де жарқын көрінісі.

Сайлау учаскесіне алғашқылардың бірі болып еңбек адамы, механизатор Ертай Орынбаев келді. Жылдың қай мезгілінде де тынымсыз еңбек етіп, ауыл шаруашылығының дамуына үлес қосып жүрген азаматтың бұл әрекеті көпшілікке үлгі болды. Жердің бабын тауып, адал еңбегімен елдің ырысын еселеп жүрген еңбек адамының азаматтық белсенділігі көпшілікке ерекше әсер қалдырды.

Қазақ халқы «еңбек ер атандырады» дейді. Расында адал еңбек еткен жан елдің де, жердің де қадірін жақсы түсінеді. Сондықтан Ертай Орынбаевтың алғашқылардың бірі болып дауыс беруі оның туған жердің тағдырына бейжай қарамайтын азамат екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Сайлау күні жүрекке жылылық сыйлаған сәттің бірі алғаш рет дауыс беру құқығына ие болған жас сайлаушы Жанат Қуандықұлының сайлау учаскесіне келуі болды. Жас азаматтың жүзінен толқу мен қуаныш қатар сезілді. Бұл – оның азаматтық өміріндегі алғашқы маңызды қадам. Алғашқы дауыс – әр адамның өміріндегі ұмытылмас белес. Ол тек бюллетеньге белгі

қою емес, туған елдің болашағына деген жауапкершілікті жүрекпен сезіну. Жанаттың бұл қадамы ауыл жастарына үлгі болды. Елдің ертеңін ойлайтын, мемлекет тағдырына бейжай қарамайтын жастар барда Қазақстанның келешегі де кемел болмақ.

Осы күні ауыл тұрғындарының ерекше құрметіне бөленген жанның бірі – тоқсан жастың төріне шыққан тұл ардагері, көпбалалы ана Разия Жүсіпова. Саналы ғұмырын еңбекпен өріп, елдің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан аяулы ананың бүгінде 26 немересі, 38 шөбересі бар. Ұрпағының ортасында ақылын айтып, батасын беріп отырған ардақты әжеңіз сайлау учаскесіне арнайы келіп, өз таңдауын жасауы көпшілікке ерекше әсер сыйлады. Әжеңі көрген жұрт ілтипатпен қарсы алып, ақ батасын алуға асықты.

– Біз соғыстың ауыр жылдарын да, жоқшылықтың қиын кезеңін де көрдік. Бар өмірімізді адал еңбекке арнадық. Бүгінгі бейбіт өмір – біз үшін ең үлкен бақыт. Сондықтан елдің ертеңіне бейжай қарамай, сайлауға келу – әр азаматтың қасиетті парызы. Ауылымыз аман, жұртымыз тыныш, жастарымыз білімді, бірлігіміз бекем болсын. Халықтың таңдауы әрдайым ел игілігіне қызмет етсін. Ұрпағым бейбіт елде өсіп, туған жеріміздің мерейі арта берсін, – деді Разия әже.

Жалғасы 2-бетте

2 ҚОҒАМ

ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ – АУЫЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ АЙНАСЫ

Ақжаулықты ананың осы жүрекжарды сөзі көпшіліктің көңіліне ерекше әсер қалдырды. Өйткені өмірдің талай белесін көрген ананың ақ тілегі мен батасы – кейінгі ұрпақ үшін үлкен аманат.

Қазақ «Қариясы бар елдің қазынасы бар» дейді. Разия әженің сайлауға келуі азаматтық жауапкершіліктің ғана емес, елге деген адалдықтың, ұрпаққа деген сенімнің және бірлікке деген шынайы ықыластың көрінісі болды.

Сайлау күні тағы бір тағылымды көрініс көпшіліктің көңілінен шықты. Ақмұраевтар әулеті сайлау учаскесіне түгел келіп, өз таңдауларын жасады. Әулеттің ақсақалы Бегалы Ақмұраев жары Алтынқұл апаймен және келінімен бірге келіп, азаматтық парызын орындады. Бір әулеттің бірнеше буынының ел тағдырына бейжай қарамай, бір шаңырақтың астынан шығып, бір мақсат жолында тоғысуы ауыл тұрғындары үшін өнегелі іс болды.

Қазақ халқы «Отан отбасынан басталады» дейді. Ақмұраевтар әулетінің бұл қадамы отбасындағы тәрбиенің, үлкенге құрмет пен кішіге өнегенің айқын дәлелі болды. Осындай жарасымды отбасылар көбейген сайын елдің де іргесі берік, бірлігі мығым болмақ.

Сайлауда ауылдағы белсенділіктің жоғары екенін айғақтайтын тағы бір қуанышты сәтке куә болдық. Ауыл тұрғыны Мейрамқұл Тұяқбаева сайлау учаскесіндегі 100-ші сайлаушы ретінде тіркеліп, өз таңдауын жасады. Бұл ауыл тұрғындарының ел болашағына деген жауапкершілігінің жарқын көрінісі еді.

Мөрәлі Шәменов ауылындағы сайлауда жас та, еңбек адамы да, көпбалалы ана да, өнегелі әулет те, алғаш рет дауыс берген жас та ел болашағы үшін ортақ жауапкершілік танытты. Осындай ынтымақ пен бірлік бар жерде ауылдың да, мемлекеттің де келешегі кемел болары сөзсіз.

Аққыр ауылы – аудан орталығынан шалғай орналасқан демесеңіз, соңғы жылдары жарқын жобалар жүзеге асып, шаруасы шираған елді мекеннің бірі. Мұнда спорт кешені салынып, жол инфрақұрылымы жақсарған. Дегенмен шешімін күткен мәселелер де жоқ емес. Жергілікті тұрғындар аудан әкімінің халықпен есепті кездесулерінде аяқсу мәселесі мен ауылдық мәдениет үйінің жоқтығын үнемі көтеріп келеді. Сондықтан жұрт халық таңдайтын ауыл әкімінің тұрғындардың



күтері көп. Ел сеніміне ие болған азамат қордаланған мәселелердің оң шешімін тауып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға күш салады деген үміт бар.

Өне-міне дегенше Аққыр ауылына да келіп жеттік. Таңғы уақыттан бастап ауыл көшелерінде ерекше қозғалыс байқалды. Сайлау учаскесіне бет алған қариялардан бастап алғаш рет дауыс беретін жастарға дейін саяси науқанда белсенді болуға асықты. Сайлауға

қатысып жатқан үш үміткер де – мемлекеттік қызметте тәжірибесі бар білікті маман. Бұған дейін тұрғындар аудандық газет арқылы олардың өмірбаянымен және төрт жылға арналған сайлауалды бағдарламаларымен толық танысып шыққан. Әрқайсысы ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, тың бастамалар мен жаңа жобаларды жүзеге асыруға ниетті.

Сағат тілі 07:00-ді көрсеткен сәтте ауылдағы білім ошағында орналасқан №140

сайлау учаскесінде Мемлекеттік Әнұран шықпалып, учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, байқаушылар мен сенім білдірген тұлғалардың қатысуымен сайлау учаскесі заң талаптарына сәйкес ресми түрде ашылды.

Ауыл әкімін сайлау – елді мекеннің алдағы даму бағытын айқындайтын маңызды саяси науқан. Таң сәріден келіп, азаматтық таңдауын жасауға асыққан ауыл тұрғындарының қатары қалың. Ауыл ақсақалы 90 жастағы Самал Назаров таңмен таласа оянып, саяси науқанға алғашқы болып келді. Тыл ардагері бүгінгі сайлаудың әділ әрі жоғары деңгейде өтуіне сенім білдіріп, батасын берді.

– Ауылдың тағдырына бейжай қарауға болмайды. Бүгінгі таңдауымыз – ертеңгі дамуымыздың кепілі. Сондықтан ауыл тізгінін ұстайтын азамат халықтың сенімін ақтап, елдің қамын ойлайтын, жұрт игілігі үшін аянбай еңбек ететін басшы болса екен, – дейді ауыл ақсақалы.

Айта кетейік, ауыл бойынша жалпы дауыс берушілер саны – 505. Оның ішінде қарттар саны – 55, үйден дауыс берушілер саны – 20, мүмкіндігі шектеулі азаматтар саны – 7. Сондай-ақ алғаш рет дауыс бергені тұрған, яғни 18 жасқа толған 6 адам бар.

Ауылдағы білім ошағында орналасқан сайлау учаскесінде жұмыс жүйелі түрде жүргізілуде. Бірі бюллетень алып таңдауын жасаса, енді бірі арнайы дауыс беру кабинасында таңдауын белгілеп, бюллетенін жәшікке салуда. Сағат тілі 09:00-ден енді ғана асқан сәтте сайлау учаскесі төрағасының айтуынша, 133 тұрғын өз таңдауын жасап үлгерген. Дауыс берушілер арасында «Батыр ана» және «Күміс алқа» иелері мен туған күн иелеріне естелік сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ игі дәстүрге сай алғаш дауыс берген ақсақалға шапан жабылды.

Таңғы сағат 07:00-де басталған дауыс беру кешкі сағат 20:00-де аяқталды. Осылайша Аққыр ауылының тұрғындары елді мекеннің алдағы дамуына үлес қосатын басыға өз дауыстарын беріп, ауылдың болашағына деген жауапкершіліктерін тағы бір мәрте танытты.

**Сезім НҰР,
Ләззат ӘЛІМ,
басы 1-бетте**



Әр адамның өмір жолында тағдырын өзгертетін бір сәт болады. Кейіпкеріміз үшін ондай сәт мектеп қабырғасында алтыншы сыныпта басталды. Домбыраның құлағында ойнайтын әпкесінің жетелеуімен үйірменің есігін ашқан бала жүрек қос ішектен төгілген күйдің құдіретін алғаш сол кезде сезінген. Содан бері домбыра оның серігіне, күй өнері өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Бес жыл бойы ұстазының тәлімін алып, күйшілік өнердің қыр-сырын меңгерген ол алғашқы ұстазының өнегесін ешқашан естен шығарған емес. Мектепті тәмамдаған соң өнерден қол үзбей, кәсіби білім алуды мақсат етті. Өнерге деген құштарлықтың жетегімен 2021 жылы Қазанғап атындағы Қызылорда жоғары музыкалық колледжінің табалдырығын аттап, домбыра мамандығы бойынша білім алды. Бұл оқу орны оның орындаушылық шеберлігін шындап, күй өнеріне деген танымын тереңдете түсті. Алайда білімге деген ізденісі мұнымен тоқтап қалған жоқ. Өнер жолын үзбей жалғастырған жас күйші кейін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына оқуға түсіп, кәсіби білімін одан әрі жетілдіруге ден қойды. Бала күнгі домбыра үйірмесінен басталған арман осылайша үлкен өнердің даңғыл жолына ұласқан.

Бүгінде Нұрдаулет Шәріпхалиұлы үшін ұстаздық – өнер жолының заңды жалғасы. Биыл оның «Өнер» мектебінде шәкірт тәрбиелеп жүргеніне үш жыл толып отыр. Жас маманның айтуынша, домбыра үйренуге аудан мектептерінен талапты балалар көптеп келеді. Бұл – ұлттық өнерге деген қызығушылықтың әлі де жоғары екенін аңғартады.

Аз уақыттың ішінде-ақ оның шәкірттері облыстық және республикалық байқауларда топ жарып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатарынан көріне бастады. Қазір оның сыныбындағы тоғыз оқушы түрлі деңгейдегі байқаулардың лауреаты атанған. Ұстаздың айтуынша, бүгінгі жастардың күй өнеріне деген ынта-ықыласы ерекше. «Балалардың құлшынысы қуантады. Үйреткен дүниені тез қабылдап, жаңа шығармаларды меңгеруге талпынып тұрады» дейді. Өзіне ұстазы жол көрсеткендей, бүгінде кейіпкеріміз де жас таланттардың шамын жағып, ұлттық өнердің келешегіне қызмет етіп жүрген ұстаздардың біріне айналды.

Кейіпкеріміздің алдағы арманы – күй өнеріне ынталы, дарынды шәкірттерді тәрбиелеп, ұлттық орындаушылық дәстүрдің өміршеңдігін сақтап қалуға өз үлесін қосу. Ол үшін күй үйрету – жай ғана мамандық емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан аманатты

Өнер

КҮЙШІ НҰРДӘУЛЕТ

10 шілде күні Қармақшы ауданында қазақтың әйгілі күйші-композиторы Дина Нұрпейісованың 165 жылдығына арналған «Ұлт рухының үні – Дина» атты облыстық күйшілер байқауы өтті. Аталған өнер додасына жерлесіміз, дарынды күйші Нұрдаулет Аманқос қатысып, жоғары орындаушылық шеберлігінің арқасында І орын жеңіп алды. Киелі күй өнерін насихаттап, ұлттық мұрамызды жас ұрпақтың бойына сіңіруге сүбелі үлес қосып жүрген өнерпаз бүгінде шәкірт тәрбиелеп, аудан мәдениетінің дамуына елеулі еңбек сіңіріп келеді.

жеткізу. Сондықтан әр шәкіртінің бойына домбыраның қоңыр үнін ғана емес, ұлттық өнердің қадірі мен қасиетін де сіңіруді басты мұрат санайды.

Қармақшы төрінде өткен облыстық байқауда Нұрдаулет үшін жеңістен бұрын өнердің аманатын абыроймен арқаулау маңызды еді. Домбыраның қос ішегінен төгілген әр күй арқылы ол туған өлкесінің мерейін үстем етіп, аудан намысын лайықты қорғады. Күйдің құдіретін жүрекпен жеткізген өнерпаздың орындауы қазылар алқасының жоғары бағасына ие болып, І орынмен қорытындыланды.

Байқауға Қызылорда мен Байқоңыр қаласынан, сондай-ақ Жаңақорған, Шиелі, Жалағаш, Қазалы және Қармақшы аудандарынан келген тоғыз үміткер қатысты. Екі кезеңнен тұрған өнер додасында әр қатысушы өзінің орындаушылық шеберлігі мен күйге деген танымын сынга салды.

– Алғашқы кезеңде күй анасы Дина Нұрпейісованың шығармашылығынан «Науысқы» туындысын орындасам, екінші кезеңде Сыр сүлейі Әлшекейдің «Тоқтаған» күйін және еркін тақырып бойынша Құрманғазының «Терісқақпайын» тарттым. Әр күйдің өзіндік болмысын, орындаушылық ерекшелігін көрсетуге тырыстым, – дейді күйші.

Нұрдаулеттің айтуынша, байқауда орындаушыларға ең алдымен күйді жеткізу шеберлігіне, әр шығарманың табиғатын аша білуіне мән берілген. Күйді жаттап алу – бір бөлек, ал оны тыңдарманға жүрекпен жеткізу – үлкен шеберлік. Әр күйдің өз мінезі, өз бояуы болады. Сол ерекшелігін сезініп, әр жерінде берілетін дыбысты дәл шығара білу керек.

Ұлттық өнерді ұлықтап жүрген жан күй орындаудағы басты талаптың бірі дыбыс күшін дұрыс пайдалану екенін айтады. Өнерде «форте», «пиано» деген ұғымдар бар. Кей тұста күйдің үнін асқақтата төгіп, енді бір сәтте нәзік, жай жеткізу қажет. Себебі күй – жай ғана дыбыстардың жиынтығы емес, тұтас бір шығарма. Оның шарықтау шегіне жеткен тұсында екпінін арттырып, болмысын ашып, асқақтата орындағанда ғана шығарманың

терең мағынасы жүрекке жетеді. Сонда ғана орындаушы мен тыңдарман арасында ерекше байланыс пайда болады.

– Байқауға 19-35 жас аралығындағы өнерпаздар қатысып, өзара бақ сынады. Бұл додаға дайындыққа бөлінген уақыт аздау болды. Дегенмен бар мүмкіндігімді пайдаландым деп ойлаймын. Егер мейлінше пысықтағанда бас жүлдеге де таласуға мүмкіндік бар еді. Үлкен байқауларда кәсіби шеберлікпен қатар шығарманың әрбір иірімін терең меңгеруге жеткілікті уақыттың болғаны маңызды. Бір жағынан қазір уақытымның көп бөлігін оқушыларға сабақ беруге арнап жүрімін, – дейді Нұрдаулет Аманқос.

Бір күндік дайындықпен-ақ бірінші орынды иеленген жерлесіміздің өнердегі бабы уақытқа бағынбағанды. Себебі сахнадағы сәтті орындаудың артында жылдар бойы жинаған тәжірибе, өнерге деген шынайы сүйіспеншілік жатты.

Өнер жолындағы еңбегі еленіп жүрген ол бұған дейін де бірқатар марапатқа ие болған. Ұлттық өнерді дәріптеудегі белсенділігі үшін облыстық кәсіподақ комитетінің «Құрмет» грамотасымен және аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапатталған.

Нұрдаулет қазақтың халық әндерін де орындап, төл өнердің бірнеше бағытын қатар алып келеді. Өнер жолындағы жары да – осы саланың өкілі. Жыр-терме мамандығын меңгерген ол бүгінде дәстүрлі ән сыныбында сабақ беріп, ұлттық мұраның жалғастығына өз үлесін қосып жүр.

Күй мен жырды қатар қастерлеген бұл отбасының еңбегі – бір күннің емес, ұрпаққа жалғасар жолдың бастауы. Өйткені өнердің ғұмыры оны орындаған сәтпен емес, оны жүрегіне қабылдап, келесіге жеткізген жанмен өлшенеді. Бәлкім бүгін кейіпкеріміздің алдына домбыра ұстап келген кішкентай шәкірттердің бірі ертең ел таныған күйшіге айналар. Дәстүрлі өнер иесінің алғашқы қадамы дәл осы ұстаздың сыныбынан басталған еді ғой...

Гүлжан ЕСЖАН

2026 ЖЫЛДЫҢ 23 ТАМЫЗЫНА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНА ОРАЙ «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ОБЛЫСТЫҚ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ, АУДАНДЫҚ ГАЗЕТТЕРІНЕ, АҚПАРАТТЫҚ АГЕНТТІКТЕРІНЕ ЖӘНЕ «KYZYLORDA-NEWS.KZ» АҚПАРАТТЫҚ АГЕНТТІГІНЕ САЙЛАУАЛДЫ ҮГІТ МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ БОЙЫНША ӨЗ ҚЫЗМЕТ ҚҰНЫН ҰСЫНАДЫ

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы – А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері. Таралымы – 19007 дана.

Облыстық «Қызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы – А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері. Таралымы – 4535 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны облыстық «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге;

- ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге;

- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Республикалық «Ақмешіт жастары» газеті аптасына 1 рет шығады: бейсенбі күні. Таралымы – 4457 дана.

Бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге;

- ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;

- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Қалалық және аудандық газеттер бойынша: Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы», Арал аудандық «Толқын», Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы», Жалағаш аудандық «Жалағаш жарысы», Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы», Шиелі аудандық «Өскен өңір», Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газеттерінің шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері. Газеттердің таралымы – 2752 - 5475 дана аралығы.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны қалалық және аудандық газеттеріне ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге;

- ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;

- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Қазалы аудандық «Қазалы» газеті аптасына 2 рет шығады: сейсенбі, сенбі. Таралымы – 4348 дана.

Бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде – 140 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің ақпараттық агенттіктеріне (сайт) үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге

Stories – 10000 теңге

TikTok: Video – 15000 теңге

Stories – 10000 теңге

Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Республикалық «Ақмешіт жастары», Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы», Арал аудандық «Толқын», Қазалы аудандық «Қазалы», Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы», Жалағаш аудандық «Жалағаш жарысы», Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы», Шиелі аудандық «Өскен өңір», Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газеттерінің ақпараттық агенттіктеріне (сайт) үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге

Stories – 8000 теңге

TikTok: Video – 10000 теңге

Stories – 8000 теңге

Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

«Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге

Stories – 10000 теңге

TikTok: Video – 15000 теңге

Stories – 10000 теңге

Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады

ТАБИҒАТТЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ!

Қызылорда облысындағы құрғақ және желді климат шөптесін өсімдіктердің көп болуы, орман-дала өртінің тез өріс алуына мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар орман қоры аумағында орын алған өрттердің негізгі себептері тұрғындардың және жеке шаруа қожалық иелерінің өз жерлерін абаттандыру, жерді ашу үшін құраған шөптерді және қоқыстарды өртеу кезінде желдің әсерінен орман қоры аумағына шөк ұшқындарының ұшуынан өртке ұласатынын да естен шығармау керек.



Аудан тұрғындарынан төменде көрсетілген ережелерді сақтауын сұраймыз:

- шабындық, егістік, орман алқаптарында құраған шөптерді, қоқыстарды өртеуге және бақылаусыз қалдырмауға жол бермеуі;
- ауа райы құрғақ, ыстық және қатты жел кезінде ашық өт жақпауды;
- демалыс орнынан кетерде өт ошағына су құйып, құм немесе топырақ сеуіп кетуі.

- егер өрт аумағында болсаңыз өзіңіздің күшіңізбен сөндіру мүмкін болмаса, оның таралу бағытын және шығу бағдарын анықтап құтқару қызметіне №101 немесе 8-724-31-21-2-82 нөмірі арқылы хабарлауды.

Орман, тоғайлы, далалық алқаптарда өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны жөнінде ескертеміз. Қазіргі таңда

мобильдік топтармен орман-тоғайлы далалық және егістік алқаптарда рейдтік шаралар жүргізілуде.

«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ

Хабарландыру

«Кристалл Менеджмент» АҚ ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 19.08.2026 ж. 10:30-да Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш а.о., Желтоқсан к-сі, 7 (мәдениет үйі ғимаратында) 31.10.2026-28.02.2027 жыл аралығындағы кезеге арналған «Кристалл Менеджмент»АҚ Бестөбе кең орны үшін атмосфераға жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларының 1-қосымшасының 8-тармағына сәйкес, ұсыныстар мен ескертулерді жергілікті атқарушы орган қабылдайды: a.koszhanova@ymail.kz және ақпараттық жүйе: <https://ndbecology.gov.kz/>

ZoomКонференция: <https://us04web.zoom.us/j/71421632220?pwd=Nmx5ZaY9Nu26dLXgBgZjSKwn4wb6eh.1>

Конференция идентификаторы: 714 2163 2220 Кіру коды: 3M0NCU

Әсер ету аймағы: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш а.о. Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекен-жайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы: prd@ymail.kz, a.koszhanova@ymail.kz, prd@korda.gov.kz, Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Кристалл Менеджмент» АҚ, Алматы қ-сы, Чайковский қ-сі, 95.БИН 071240002008

Тел: +77013621320, e-mail: A.INOZEMTSEV@CRYSTAL-MANAGEMENT.KZ

Әзірлеуші: «ОРДА-ЭкоМониторинг» ЖШС ҚР, БСН 191240016558, Қызылорда қаласы, Сырдария мөлтек ауданы, №20 үй, кв.39 Тел. +7777 785 13 46 e-mail: ordaekomonitoning@bk.ru

Қосымша ақпарат: 87714222891

Бұрыштық нүктелердің координаттары: 45о 38' 00" 64о 20' 00"; 45о 41' 25" 64о 18' 45";46о 02' 36" 64о 17' 05".

Объявление

АО «Кристалл Менеджмент» в соответствии с требованиями ст. 96 Экологического Кодекса РК, сообщает, что 19.08.2026 года в 10:30 по адресу Кызылординская область, Жалағашский район, Жалағашский с.о., ул. Желтоқсан 7 (здание дом культуры), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) в атмосферу для месторождения Бестөбе АО «Кристалл Менеджмент» на период с 31.10.2026-28.02.2027 год. ПЭК, ПУО,ППИМ.

Согласно прил.1 п.8 правил проведения общественных слушаний предложения и замечания принимаеместныйисполнительный орган: a.koszhanova@ymail.kz и информационная система: <https://ndbecology.gov.kz/>

ZoomКонференция: <https://us04web.zoom.us/j/71421632220?pwd=Nmx5ZaY9Nu26dLXgBgZjSKwn4wb6eh.1>

Идентификатор конференции: 714 2163 2220

Код доступа: 3M0NCU

Территория воздействия: Кызылординская область, Жалағашский район, Жалағашский с.о.

Электронный адрес и почтовый адресместногоисполнительногооргана: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@ymail.kz, a.koszhanova@ymail.kz, prd@korda.gov.kz г.Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62.

Инициатор намечаемой деятельности:АО «Кристалл Менеджмент», г. Алматы, ул. Чайковского, 95.БИН 071240002008 Тел: +77013621320 e-mail: A.INOZEMTSEV@CRYSTAL-MANAGEMENT.KZ

Разработчик: ТОО «ОРДА-ЭкоМониторинг» РК, БИН 191240016558, город Кызылорда, мкр-н. Сырдария, дом №20, кв. 39 Тел. +7 777 785 13 46 e-mail: ordaekomonitoning@bk.ru

Дополнительная информация: 87714222891

Координаты угловых точек: 45о 38' 00" 64о 20' 00"; 45о 41' 25" 64о 18' 45'; 46о 02' 36" 64о 17' 05"

Жалағаш ауданы бойынша үгіт баспа орындары туралы ақпарат

№	Елді мекен атауы	Үгіттік баспа материал орналастыру орындары
1	Жалағаш кенті	«Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының жанындағы стөнд
2	Жалағаш кенті	«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жалағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының жанындағы стөнд
3	Жалағаш кенті	«Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стөнд
4	Жалағаш кенті	Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стөнд
5	Жалағаш кенті	Орталық алаңдағы стөнд
6	Ақсұм ауылы	«Ақсұм ауылдық округі әкімі аппаратының Ақсұм ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының жанындағы стөнд
7	М.Шәменов ауылы	«М.Шәменов атындағы ауылдық округі әкімі аппаратының М.Шәменов ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының жанындағы стөнд
8	Қаракеткен ауылы	«Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратының Қаракеткен ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының жанындағы стөнд
9	Далдабай ауылы	«Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратының Далдабай ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының жанындағы стөнд
10	Бұқарбай батыр ауылы	«Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының жанындағы стөнд
11	Аққұм ауылы	«Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратының Аққұм ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының жанындағы стөнд
12	Таң ауылы	«Таң ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стөнд
13	Жанакөне ауылы	Медициналық пункт ғимаратының жанындағы стөнд
14	Еңбек ауылы	«Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратының Аққошқар ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының жанындағы стөнд
15	Есет батыр ауылы	«Аламесек ауылдық округі әкімі аппаратының Есет батыр ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының жанындағы стөнд
16	Жаңадария ауылы	Жалағаш аудандық білім бөлімінің «№203 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының жанындағы стөнд
17	Мырзабай ахун ауылы	Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№122 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стөнд
18	Мәдениет ауылы	«Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының Мәдениет ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының жанындағы стөнд
19	Т.Жүргенов ауылы	«Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратының Темірбек Жүргенов ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының жанындағы стөнд
20	Жанаталап ауылы	«Жанаталап ауылдық округі әкімі аппаратының Жанаталап ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының жанындағы стөнд
21	Аққыр ауылы	Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№188 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стөнд

№	Елді мекен атауы, Мекен-жайы	Кездесу өткізілетін орын
1	Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №7	«Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрермендер залы
2	Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №11	«Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Мәдениет және өнерді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрермендер залы
3	Ақсу ауылы Т.Елеусинов көшесі №23	«Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратының Ақсу ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрермендер залы
4	М.Шәменов ауылы Бұқарбай батыр көшесі №6	«М.Шәменов атындағы ауылдық округі әкімі аппаратының М.Шәменов ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрермендер залы
5	Қаракеткен ауылы Итілік көшесі №8	«Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратының Қаракеткен ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрермендер залы
6	Далдабай ауылы Д.Жаппанов көшесі №22	«Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратының Далдабай ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрермендер залы
7	Бұқарбай батыр ауылы Бұқарбай батыр көшесі №21	«Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрермендер залы
8	Аққұм ауылы Бейітшілік көшесі №6	«Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратының Аққұм ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрермендер залы
9	Таң ауылы Орынбай жырау көшесі №14	Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№118 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы
10	Еңбек ауылы Т.Дауытбаев көшесі №5	«Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратының Аққошқар ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрермендер залы
11	Есет батыр ауылы К.Өбішев көшесі №26	«Аламесек ауылдық округі әкімі аппаратының Есет батыр ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрермендер залы
12	Жаңадария ауылы Достық көшесі №20	Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№203 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы
13	Мырзабай ахун ауылы Ә.Жүргенов көшесі №28	Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№122 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы
14	Мәдениет ауылы Қалдан батыр көшесі №11А	«Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының Мәдениет ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрермендер залы
15	Т.Жүргенов ауылы М.Нұрғалаев көшесі №38	«Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратының Темірбек Жүргенов ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрермендер залы
16	Жанаталап ауылы А.Қожабаев көшесі №21	«Жанаталап ауылдық округі әкімі аппаратының Жанаталап ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрермендер залы
17	Аққыр ауылы Н.Таспенев көшесі №4	Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№188 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы

Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті үнемі басты назарда ұстап келеді. Елімізде жаңа жетістік ретінде жобалық басқарудың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі енгізілді. Бұл бағытта мемлекет түрлі әдістер мен стратегияларды енгізіп, жемқорлықты азайту үшін бірқатар жүйелі жұмыс жүргізді.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ

Жыл бойы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың заңдық негіздері нығайтылып, мемлекеттік қызметте ашықтық пен есептілік артты. Бұл іс-шаралар мен бастамалар халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттырып келеді.

Қазақстанның мемлекеттік органдарының тиімділігін арттырып, қоғамдық сенімді нығайтуға бағытталған маңызды қадамның бірі – сыбайлас

жемқорлықпен күрес. Мемлекет саясатының негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ.

Алтынбек АСАНБЕКОВ,
Аққұм ауылдық округінің әкімі



2026 жылғы 12 шілдеде өткізілген Жалағаш ауданының Аққыр және М.Шәменов ауылдық округі әкімдерін сайлау қорытындысы туралы ХАБАР

2026 жылғы 12 шілдеде Жалағаш ауданы бойынша Аққыр және М.Шәменов ауылдық округі әкімдерінің сайлауы өткізілді.

Жалағаш ауданының Аққыр ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі дауыстарды санаудың нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамасы негізінде Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы Жалағаш ауданының Аққыр ауылдық округінің сайлау өтті деп танылғанын хабарлайды.

Жалағаш ауданының Ақсу ауылдық округінің әкіміне 3 кандидат дауысқа түсті. Аққыр ауылдық округі бойынша сайлаушылар тізіміне 505 азамат енгізілген, оның ішінде сайлау бюллетеньдерін 336 адам немесе 66,53 пайызды алды. Оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша сайлаушылар дауыс берген жок, дауыс беру үй-жайынан тыс жерде 20 сайлаушы дауыс берді. 2 бюллетень жарамсыз деп танылды.

Жалағаш ауданының Аққыр ауылдық округінің әкімін сайлаудың мынадай қорытындылары анықталды:

Алыбаев Жасұлан Тәңірбергенұлы үшін дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санынан – 264 дауыс, Жусупова Қымбат Әнуарқызы үшін – 28 дауыс, Жоламанова Роза Нұрланқызы үшін – 41 дауыс берді, барлығына қарсы – 1 дауыс берілді.

Алыбаев Жасұлан Тәңірбергенұлы – Жалағаш ауданының Аққыр ауылдық округінің сайланған әкімі болып есептелінді.

Алыбаев Жасұлан Тәңірбергенұлы – 1991 жылы туған, қазақ, Аққыр ауылдық округінің сайланған әкімі, Қызылорда қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсынған.

Жалағаш ауданының М.Шәменов ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі дауыстарды санаудың нәтижелері туралы учаскелік сайлау

комиссиясының хаттамасы негізінде Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы Жалағаш ауданының М.Шәменов ауылдық округінде сайлау өтті деп танылғанын хабарлайды.

Жалағаш ауданының М.Шәменов ауылдық округінің әкіміне 3 кандидат дауысқа түсті. М.Шәменов ауылдық округі бойынша сайлаушылар тізіміне 579 азамат енгізілген, оның ішінде сайлау бюллетеньдерін 388 адам немесе 67,01 пайызды алды. Оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша сайлаушылар дауыс берген жок, дауыс беру үй-жайынан тыс жерде 2 сайлаушы дауыс берді. 3 бюллетень жарамсыз деп танылды.

Жалағаш ауданының М.Шәменов ауылдық округінің әкімін сайлаудың мынадай қорытындылары анықталды:

Есжанов Галымжан Сансызбаевич үшін дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санынан – 321 дауыс, Есенәлиев Нұржан Оспанұлы үшін – 35 дауыс, Ізбасарұлы Арман үшін – 27 дауыс берді, барлығына қарсы – 2 дауыс берілді.

Есжанов Галымжан Сансызбаевич – Жалағаш ауданының М.Шәменов ауылдық округінің сайланған әкімі болып есептелінді.

Есжанов Галымжан Сансызбаевич – 1970 жылы туған, қазақ, М.Шәменов ауылдық округінің әкімі, М.Шәменов ауылында тұрады. Өзін-өзі ұсынған.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 45, 113-11-баптарына сәйкес, 2026 жылғы 13 шілдедегі № 28, №29 шешімдерімен 2026 жылғы 12 шілдеде сайланған Аққыр ауылдық округі әкіміне Алыбаев Жасұлан Тәңірбергенұлы, М.Шәменов ауылдық округі әкіміне Есжанов Галымжан Сансызбаевичті тіркеді.

Хабарландыру

2026 жылы 13 тамызда сағат 16.00-де «Байтабын» ЖШС-ның жиналысы өтетінін хабарлаймыз. Мекен-жайы: Бұқарбай батыр ауылы Бұқарбай батыр көшесі №25.

Күн тәртібінде: Серіктестіктің 2025 жылы атқарылған жұмыстары туралы есебі қаралады.

«Байтабын» ЖШС
БИН: 99024008640

Хабарландыру

«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ, Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл ормандарында ағаш кесуге тыйым салу туралы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 30 қазандағы №260 бұйрығымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл ағаштарын кесудің барлық түріне 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін тыйым салынғандығын хабарлайды.

ҚР ӨҚБтК-нің 381-1-бап. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау, 2-бөлігі: Елу айлық есептік көрсеткішке дейін залал

келтіре отырып, орман қорына кіретін ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау – заңсыз кесілген ағаштар мен бұталар, көрсетілген бұзушылықтарды жасау құралы болған бұзушының қолқ құралдары және өзге де заттары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – бір жүз, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – үш жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі	Байланыс телефоны
1	Жапобасбаев Қайрат Ғалиұлы	Жалағаш кентінің әкімі	Сейсенбі, жұма күндері сағ.10.00-12.00 аралығы	Апта сайын	8 (72431) 31-6-66
2	Нұрсейітов Талғат Мұратұлы	Жалағаш кенті әкімінің орынбасары	Дүйсенбі, беісенбі күндері сағ.10.00-12.00 аралығы	Апта сайын	8 (72431) 31-5-70

Бәрекелді!

ҚОРЖЫНҒА ҚОЛА САЛДЫ

Жеңіс кездейсоқ келмейді, ол – маңдай тер мен табанды еңбектің жемісі. Бұл – уақыт дәлелдеген ақиқат. Әрбір жеңістің артында төзіген тер, тынымсыз жаттығу, сарқылмас жігер мен туған елдің сенімі тұрады. Спорттағы әрбір медаль – тек жеңімпаздың ғана емес, оны тәрбиелеген ұстаздың, қолдау көрсеткен ата-ананың, демеу болған елдің ортақ қуанышы. Ел мерейін үстем етіп, көк Туымызды көкке көтеретін жас ұрпақтың жемістігі – мемлекетіміздің жарқын болашағының көрінісі. Бүгінгі спорт алаңында шыңдалып жүрген жасөспірімдер – ертең халықаралық додаларда Қазақстанның абыройын асқақтататын чемпиондар. Сондықтан әрбір жеңіс – ел рухын көтеретін үлкен оқиға.

Биыл 24 маусым мен 1 шілде аралығында Астана қаласында 2014-2015 жылы туған жасөспірімдер арасында волейболдан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған үздік командалар бақ сынаған бұл жарыс жас спортшылардың шеберлігі мен төзімін, ерік-жігерін сыныға салған маңызды дода болды. Тартысқа толы чемпионатта Қызылорда облысының құрамасы жоғары ойын өрнегін көрсетіп, үздік үштікті түйіндеді. Қазақстан чемпионатының қола жүлдесін жеңіп алды. Бұл – жүйелі дайындықтың, бірліктің және қажырлы еңбектің нәтижесі.

Облыс құрамасының сапында Жалағаш ауданының талантты жас спортшылары да аймақ намысын абыроймен қорғады. Олар – Қанибай Азат, Жомарт Рамазан, Асанбай Жантөре, Әскербек Диас және Сардарбек Бекарыс. Жас волейболшылар әр кездесуде батылдық танытып, командалық ойынның жоғары үлгісін көрсете білді. Олар қарсыластарына лайықты қарсылық көрсетіп, қайсарлықтың қандай болатынын дәлелдеді.

«Батыр майданда шыңдалады, спортшы жарыста шыңдалады» деген халық даналығының мәнін осы жасөспірімдер өз өнерлерімен айқын көрсетті. Әрбір ұнай үшін күрескен олар жеңіске деген жігердің, тәртіптің және ұйымшылдықтың арқасында жүлделі орынға қол жеткізді.

Бұл жетістіктің артында шәкірттеріне бағыт-бағдар беріп, күн сайын маңдай терін төгіп жүрген жаттықтырушылардың өлшеусіз еңбегі жатыр. Мақсұм Жайдар, Асылбек Әбілханов және Болатбек Бернар жас спортшылардың бойындағы қабілетті шыңдап, олардың жеңіске деген сенімін нығайта білді.

Үстаз – шәкірттің қанатын қатайтатын тұлға. Спорттағы жаттықтырушының орны ерекше. Ол тек ойын үйретуші емес, ол – тәрбиеші, психолог, жанашыр әрі бағыт беруші. Сондықтан бұл жеңіс – жаттықтырушылар еңбегінің де жемісі.

– Бұл жүлде – бір ғана жарыстың нәтижесі емес. Оның артында күн сайынғы еңбек, тәртіп, төзім және балалардың спортқа деген сүйіспеншілігі жатыр. Әрбір жаттығуда шәкірттерімізге ең алдымен бірлік пен жауапкершілікті үйретуге тырысамыз. Себебі жеңіс ең алдымен командадан басталады. Балалардың ойынға деген ынтасы мен жеңіске деген жігері бізді қуантады. Бұл алдағы үлкен жетістіктердің бастамасы деп сенемін. Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз. Әлі талай биік белестерді бағындыруға күш саламыз. Осындай дарынды балалардың өсіп келе жатқаны



аудан спортының болашағының жарқын екенін көрсетеді, – деді Мақсұм Жайдар.

Жаттықтырушының бұл сөзі жас спортшылардың бойындағы сенімнің бекер қалыптаспағанын аңғартады. Себебі нағыз бапкер шәкіртін жеңіске ғана емес, өмірге де тәрбиелейді.

Жарыста ерекше көзге түскен спортшының бірі – Қанибай Азат. Ол өз командасының намысын қорғап, маңызды сәттерде салқынқандылық таныта білді.

– Қазақстан чемпионатында өнер көрсету – мен үшін үлкен мәртебе. Ол ойынға ерекше жауапкершілікпен дайындалдық. Жаттықтырушыларымыз бізге әрдайым сенім білдіріп, қолдау көрсетті. Біз сол сенімді ақтауға тырыстық. Қола жүлде бізге үлкен тәжірибе сыйлады. Алдағы уақытта бұдан да жақсы нәтиже көрсетіп, Қазақстан құрамасының сапында халықаралық жарыстарда ел намысын қорғауды армандаймын. Бізге жанкүйер болған барша жерлесімізге алғысымды білдіремін, – деді Қанибай Азат.

Осындай ойлы пікірдің өзі жас спортшының үлкен мақсатқа ұмтылып келе жатқанын байқатады. Нағыз чемпион алдымен арманынан басталады. Ал арман еңбекпен ұштасқанда ғана жеңіске айналады.

«Талапты ерте нұр жауар» дейді дана халқымыз. Бүгінгі жас волейболшылар – осы сөздің шынайы дәлелі. Олар жеңіске жету жолында ешқашан мойымай, тынымсыз ізденудің үлгісін көрсетті.

Жалағаш ауданында бұқаралық спортты дамытуға бағытталған жұмыстар жыл сайын қарқын алып келеді.

Бәрекелді!

Марафоншы Ақдәулет



Соңғы уақытта жастардың салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен тұрақты ишугылдануға бетбұрғанын байқап жүрміз. Бұл бастама денсаулықты нығайтып қана қоймай, жастардың зиянды әдеттерден аулақ болуына ықпал етеді. Кейіпкеріміз Ақдәулет Абат та бос уақытын спортқа арнап, салауатты өмір салтын насихаттауды өмірлік ұстанымына айналдырған. Бүгінге дейін медицина саласы қызметкерінің аудан тұрғындарының денсаулығы үшін атқарған еңбегі зор.

Ақдәулет – медицина саласының қызметкері. Нақтырақ айтқанда, аудандық жедел жәрдем бөлімінде фельдшер болып еңбек етеді. Науқастардан шұғыл шақырту түскен сәтте алғашқы медициналық көмекті дер кезінде көрсету үшін жедел әрекет ету – оның күнделікті қызметінің бір бөлігі. Айтуынша, бұрын өзін енгіту жиі мазалаған. Бұған қоса газдалған сусындар мен фастфудты жиі тұтынудың салдарынан артық салмақ қосқан. Денсаулығындағы осы мәселелерді еңсеру мақсатында ол өмір салтын түбегейлі өзгертіп, дұрыс тамақтану мен тұрақты спортты серік еткен. Нәтижесінде артық салмақтан арылып, спортпен тұрақты шұғылданып келеді.

Әуесқой спортшы Ақдәулет жуырда 85 шақырымды жүгіріп өтіп, алғашқы үлкен белесін бағындырды. Ол ауданнан таңғы сағат 04:00 шамасында жолға шығып, облыс орталығына 10 сағат 12 минутта жеткен. Кейіпкеріміз ультрамарафонға 41 күн дайындалған, яғни күніне үш мезгіл жаттығу жасап, 10 шақырым жүгірген. Мұндағы мақсат – спортты насихаттап, жастарға үлгі болу. Ұзақ жолда Тереңөзек кентінің тұсында аяғын жаракаттап алып, жедел жәрдем шақыруға тура келген. Десе де, жағдайы оңалған соң жүгіруді қайта жалғастырған.

– Иә, Тереңөзекке жеткенде тобығым шығып кетті. Жедел жәрдем қызметкерлері дереу алғашқы медициналық көмек көрсетіп, ауырсынуды басатын дәрі салды. Соның арқасында жарысты қайта жалғастырдым. Алайда Қараөзекке жеткенде дәрінің әсері қайтып, денсаулығым сыр бере бастады. Соған қарамастан алдыма қойған мақсатымнан бас тартпай, марафонды сәтті аяқтадым, – дейді Ақдәулет Нұржанұлы.

Ақдәулеттің айтуынша, бір айдың ішінде өмірінде айтарлықтай өзгеріс болған. Бұрын салмағы 94 келі болса, бүгінде 78 келіге дейін төмендеген. Ол мұны тұрақты жаттығу мен салауатты өмір салтының нәтижесімен байланыстырады. Сонымен қатар өзін бұрынғыдан әлдеқайда жеңіл әрі серек сезінетінін айтады. Ол бұл жеңісін Айсеізм есімді қызына арнайтынын жеткізді.

Айта кетейік, кейіпкерімізге Қызылорда қаласындағы «Biali Sport» дүкені қолдау білдіріп, оны спорттық киіммен толық қамтамасыз еткен. Сондай-ақ дүкен тарапынан 50 мың теңге көлемінде сыйлық сертификаты табысталған.

Әуесқой спортшы мұнымен тоқтап қалмақ емес. Оның алдағы мақсаты – Жалағаштан Алматыға дейінгі жолды велосипедпен жүріп өту. Осылайша ол өзінің төзімділігін тағы бір мәрте сынап, жаңа белесті бағындыруды көздеп отыр.

Айта кетейік, Ақдәулет бұған дейін қызылордалық әуесқой спортшылар арасында ұйымдастырылған, спортты насихаттауға бағытталған «Берік тұлға» челленджіне қатысқан. Бүгінде салауатты өмір салтын насихаттап жүрген жастардың қатары көп емес. Көпшілік фастфуд пен тәтті тағамдарды жиі тұтынып, дұрыс тамақтану мен салауатты өмір салтын ұстана бермейді. Соның салдарынан жаспына сай емес артық салмақ пен денсаулық мәселелеріне тап болатын жастар да жиі кездесуде.

Ақдәулеттің бұл бастамасы жастарды спортпен шұғылдануға, дұрыс тамақтанып, салауатты өмір салтын ұстануға үндеді. Оның айтуынша, адам өзіне нақты мақсат қойып, күн сайын табанды еңбек етсе, кез келген белесті бағындыра алады. Әрине, ол үшін тәртіп пен тұрақтылық қажет. Дені сау ұрпақ – елдің жарқын болашағы. Сондықтан әрбір жас өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, спортты күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырса, қоғамның да келешегі кемел болмақ.

Кейіпкеріміз секілді жастар қатары артса, салауатты өмір салтын ұстанатын қоғам қалыптасары даусыз. Денсаулықты бүгіннен бастап күтіп, спортты өмір салтына айналдыру әрқайсысымыздың өз қолымызда екенін естен шығармаған жөн.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Футбол

АҚТЫҚ МӘРЕНІҢ АУЫЛЫ АЛЫС ЕМЕС

Футболдан әлем чемпионатының плей-офф кезеңі де өз мәресіне жетті. 1/4 кезеңге жолдама алған сегіз команда жартылай финалдың жолдамасын сарапқа салтып, өзара мықтыны анықтады. Бұл кезеңнің алғашқы ойыны Франция мен Марокко арасында өрбіді. Д.Дешам шәкірттері ә дегеннен шабуылды үдетіп, алғашқы таймда-ақ мәселені шешіп алғысы келді. Тіпті бұған мүмкіндік болды да, алайда бас төреші белгілеген 11 метрлік айып добын К.Мбаппе сәтсіз орындады.

Екінші таймда да Франция сол қарқынды бәсеңдетпеді, керісінше үдете түсті. Нәтижесінде ойынның 60-минутында К.Мбаппе әріптесі Д.Дуэ асырған допты Марокко қақпасында тулатты. Бірақ негізгі уақыттың бітуіне әлі 30 минут бар, бұл Марокко ойыншылары үшін таразы басын теңестіруге де, тіпті есепті еселеуге де жеткілікті. Мұны Франция құрамасы жақсы біледі, соңғы жарты сағатта шабуыл қарқынын үдеткені де сондықтан. Арада 6 минут өткенде У.Дембеле есепті еселеп, қалған уақытта қорғаушыларға сенім артты.

Мұнан кейін Марокко ойыншылары тарапынан жұбаныш голын соғуға да талпыныс байқалмады. Осылайша ширек финалда сүрінген олар еліне қайтты. Франция құрамына қарасак, бұл додаға олар сакадай сай келген. Қорғаныс, шабуыл, бәрі-бәрі мықты ойыншылармен жасақталған. Тіпті қосалқы құрам да өз алдына бір команда іспетті.



Бұл додаға мықты дайындықпен келген құраманың бірі – Испания. Ламин Ямаль бастаған жігіттердің 1/4 кезеңдегі қарсыласы оңай берілген жоқ. Бұған дейін АҚШ-ты сүріндірген Бельгия жартылай финалдың жолдамасын алуға жанын салып ойнады. 30-минутта «ПСЖ-нын» жартылай қорғаушысы Ф.Руис есеп ашқан. Бірақ бұған Бельгия сынған жоқ. Керісінше таразы басын теңестіруге талпынысы жоғары болды. Тіпті бұл мақсатқа алғашқы таймда-ақ жетті. 41-минутта «Аталантаның» жартылай қорғаушысы Шарль де Кетеларе «Фулхэмның» қорғаушысы Тимоти Кастань асырған допты Испания қақпасында тулатты.

Екінші таймда Испания шабуылды үдеткенімен қорғанысты да ұмыт қалдырмады. Дәл осылай ойындай жөні бар. Өйткені Бельгия да әлсін-әлсін шабуылға шығып, қарсыласының қақпасын барлап әлек. Дәл осы қарқынмен олар тағы бір гол соқса, қалған уақытта оған жауап қайтару қиына соғары сөзсіз.

Де Ла Фуэнте шәкірттері негізгі уақыттың соңына дейін мүмкіндік болса, соны тиімді пайдалану керек. Болмаса қосымша уақытта ойынның нүктесін қоюға тырысады. Ал одан әріге барса, жағдай қиын. Өйткені 11 метрлік айып добында оларды қақпада азуын айға білеген Т.Куртуа күтеді. Бірақ Испания көпке созабды, 88-минутта М.Мерино ойынның нүктесін қойып, командасын алға шығарды.

Екінші топта Норвегия мен Англия келесі кезеңнің жолдамасын сарапқа салды. Иә, Англия құрамы да өте сауатты ойыншылармен толыққан. Бірақ қарсыласы да осал емес екен. Тіпті бірінші болып Холанд бастаған жігіттер есеп ашты. Бірақ олардың қуанышы ұзаққа созылмады. Алғашқы таймның соңында Англия таразы басын теңестірді. Екінші таймда керісінше Норвегия ойыншылары шабуылды үдетті. Бірақ есеп еш өзгеріссіз, қосымша таймда Англия өз мақсатына жетті. Ойынның 93-минутында Джуд Беллингем есепті еселеді. Мұнан кейін бас төреші К.Тюрпен Норвегия қақпасына 11 метрлік айып добын белгілеп, ВАР-ға жүгініп, өз шешімін жоққа шығарды. Таразы басын теңестіруге уақыт жеткілікті еді, бірақ бұл норвегиялықтардың қолынан келмеді.

Бұған дейін Египетпен кездесуде сынның астында қалған Аргентина 1/4 кезеңде Швейцариямен жүздесті. Бірінші болып Л.Месси бастаған жігіттер есеп ашты. Екінші таймда Д.Ндое таразы басын теңестірді. Мұнан кейін екінші сары қағазын алған Б.Эмболо алаңнан қуылды. Өлеттегідей Аргентинаның жолы ашылып, ойыны жүрді. Қосымша таймда қос гол соққан алаң иелері осылайша жартылай финалға шықты.

Ертең кешке Франция мен Испания ақтық мәренің жолдамасына таласады. Қос құрама да тәжірибелі, жанкүйерлер де Ямаль мен Мбаппе арасындағы тартысты бәсекені асыға күтуде. Ал Англия мен Аргентина арасындағы дода да қызыққа толы болары сөзсіз. Финалға кім өтеді? Оны уақыт көрсетеді. Бізге белгілісі, жартылай финалда сүрінген командалар үшінші орынға таласады. Ал олардың қарсыластары кубокты сарапқа салмақ.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат қорытына 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2015 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталы ында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа иі» ЖШС сенімгерлік бас аруында ы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242)/ 40-06-68. Газетті таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон н іріне хабарласу а болады. Таралымы 2845 Тапсырыс №1180
---	---	---	---	---